

№ 2 педагогикалық кеңес отырысының хаттамасы

12.10.2023

Қатысқаны: 15

Тақырыбы: «Ата-аналармен және ата-аналар қауымдастығымен жұмысты ұйымдастыру»

Күн тәртібінде:

1. «Ата-анамен жұмыс істеудің заманауи түрлері мен формалары» (әдіскер И.А. Джанадилова);
2. «Тәмсіл әңгіме» (әдіскер И.А. Джанадилова);
3. «Ата-анамен жанжалды қалай болдырмауға болады. Ұсыным мен жадынама» (әдіскер И.А. Джанадилова);
4. «Ата-анамен жұмыс істеуге арналған жадынама» (әдіскер И.А. Джанадилова).

ЖИНАЛЫС БАРЫСЫ:

1.Бірінші сұрақ бойынша әдіскер И.А. Джанадилова «Ата-анамен жұмыс істеудің заманауи түрлері мен формалары» тақырыбында баяндама оқын, слайд түрінде түсіндірді:

Мектеп жасына дейінгі баланы тәрбиелеу отбасы мен балабақшаның тығыз ынтымақтастығы кезінде ғана мүмкін болады. Ата – аналардың балаларға тәрбие беру міндеті ҚР Конституциясында, ал балалардың отбасындағы құқығы- бала құқықтары туралы конвенцияда белгіленген. Отбасы- барлығының басы, жан – жақты дамуының негізі болатын тәрбие институты. Отбасының балаға тәрбие берушілік қызметінің мақсаты – баланың жасын, жеке ерекшелігін, психологиялық дамуын ескере отырып жарысымды жетілген ұрпақ тәрбиелеу. «Баланы жастан», «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деген даналық сөздердің мағынасы өте терең. Есейіп кеткен соң баланың теріс мінезін, қалыптасқан кате көзқарасын өзгерту өте қиын. Осы кезде «Балаңыздың тәрбиесін бастамас бұрын өзіңіздің мінез – құлқыңызды, өмірге көзқарасыңызды ой елегінен өткізіп бақыладыңыз ба?» деген сұал туады. Ұлы педагог А.С. Макаренко «Балалардың алдында беделді болуды қаламайтын ата – ана жоқ. Бірақ қалай, қай бағытта өнеге беріп, өсіріп келе жатқанын ойламастан, бала санасына рухани өктемдік жасап тәрбиелейтін ата – ана баршылық. Бұл беделді болудың қандай жолы? Мұндай жолмен келген адал баланың санасы жетілгенде өздігінен жойылады» деген. Отбасындағы ата – ана мен баланың қарым - қатынас нәтижесінде адамгершілік, эстетикалық, дене тәрбиесінің алғашқы үлгілері қалыптасады. Ал әке мен шеше – баланың алғашқы тәрбиешілері. Ата – аналар бала бақытының шынайы бағбаны балуы тиіс. Бала бақыты – білімде. «Білім – бір құрал. Білімі көп адам құралы сай ұста сықылды, не жасаса да келістіріп жасайды» дейді Ахмет Байтұрсынұлы.

Болашақ ұрпақ тәрбиесін іске асырып отырған кезкелген мекеме үшін отбасымен жұмысты тиісті дәрежеде ұйымдастырудың маңызы өте зор. Себебі, отбасы баланың түпкі тамыры, болмысын қалайтын мекен. Отбасымен жұмыс мүмкін педагогтардың жүргізетін жұмыстарының ең қызықты бір бағыты шығар. Бір жағынан, бұл жұмыс аса бір шеберлікті, құпиялықты, мәдениетті, білімді, тәжірибені қажет ететін жұмыстардың бірі. Өйткені, отбасымен жұмыс жүргізген кезде түрлі адамдармен, түрлі тұлғалармен, түрлі мінез-құлықтармен, түрлі қиыншылықтармен қарама-қарсы кездесесің. Осының барлығынан педагогтық абыройына кір

келтірмей шығу үлкен өнерді қажет етеді. Сол себептен білім беру мекемесінде отбасымен жүргізілетін жұмыстарды әдістемелік жағынан орынды ұйымдастырудың маңызы өте зор. Отбасымен жүргізілетін жұмысты әдістемелік дұрыс ұйымдастыру дегеніміз не? Бұл - мекеме ішінде отбасымен жүргізілетін жұмыстарды педагогикалық қағидаларға сәйкес, баланы жан-жақты дамытуға негізделген, бала құқығын сақтауға және қорғауға бағдарланған түрде ұйымдастыру. Отбасымен жүргізілетін жұмыстарды әдістемелік жағынан белгілі бір ретпен, жүйелі түрде ұйымдастыру жүргізілген жұмыстың нәтижесіне әсер етеді.

Бүгінгі таңда болып жатқан өміріміздегі өзгерістерге байланысты ұстаздар мен ата – аналардың бала тәрбиелеудегі жауапкершілігі арта түсуде. Балаларды оқыту мен тәрбиелеуде отбасының басым рөлін мойындай білсе жұмыс атқару керек. Бала психикасы үйдегі көрген – білген, естіген мәліметтермен толығады. Әрбір ұстаз ата – аналармен қарым – қатынас жасауда түрлі тәсілдерді, қазіргі жаңа технологияларды пайдалана отырып ата – ананың қызығушылығын арттыру мақсатында жұмыс атқарса, ата – ананың балабақшаға, тәрбиешіге деген көзқарасы өзгереді.

Әрбір отбасының мықты жақтары болады, әр адам жақсы ата – ана болғысы келеді, барлық отбасы көмекті қажет етеді, көмек түрі отбасының нақты қажеттіліктеріне байланысты болады. Ата – анамен жұмысты ұйымдастыру барысында ата – ананы, яғни отбасын тәуелді ете емес, оны қиыншылықтарды жеңу мүмкіндігін нығайтуды көздеу, баланың дамуы туралы ақпарат ата – аналарға бала тәрбиелеуде өз рөлін жүзеге асыруға ықпал етеді. Ата – аналармен бірлесе атқаруға болатын жұмыстар: тақырыптық кеңес (ата – аналарды психологиялық, педагогикалық білім және тәжірибе жаңалықтармен таныстыру, кеңес беру, ой қозғау, ой қорыту), педагогикалық семинар (отбасылық тәрбиенің әдіс – тәсілдеріне арналады), шығармашылық кештер (балабақша және топшілік болуы, озық қабілетті, танымал ата – аналарды үлгі тұту, насихаттау мақсатында ұйымдастырылады), топшілік ата – аналар жиналысы, бақпайшілік ата – аналар жиналысы, ата – аналармен жеке кездесу, ата – аналар үшін ашық есік күні, ата – аналарға педагогикалық және психологиялық кеңес беру, мерекелік кештерге шақыру, ата – аналарды психологиялық тренинг – ойындарға қатыстыру, отбасылық жарыстарға қатыстыру және «Менің жанұям» атты балалар салған сурет көрмесін тамашалау тағы басқа да. Психологиялық тұрғыдан алғанда сурет арқылы да біраз құнды мағлұматтар алуға болады. Ата – аналарға тарапынан балаларға кейде онша көңіл бөлінбейтінін, балаларымыз шеттеп, көңіл жабырқаулы күйде жүретінін байқауға да болады. Осындай көңіл күй болған кезде балаларымыздан «Мен олардың ұрысканыны қаламаймын», «Алысқа кеткенін жақсы көремін», «Маған өке көп ұрысады», «Мен істеген ісімді дұрыс емес дейді» деген сияқты ойларды оқуға тура келеді. Не себепті баланың көңілі толмайды? Гүлдің сусырап шөлдейтіні сияқты бала да ынта – ықпаласқа шөлдейді. Ата – ананың балаға бар жағдайы жасаудан басқа мейірім, жылуы, қамқорлығы қажет. Өке мен шеше өзін тәрбиешімін дей отырып өздері де тәрбиеге енуі қажет. Қазіргі таңда баланы тәрбиелеуде, бала психологиясының дұрыс қалыптасуында ата – ананың да, тәрбиеші – ұстаздың да атқаратын ролі зор. Сондықтанда отбасы мен балабақша ынтымақтастығының өсіп келе жатқан болашақ ұрпақ өміріне тигізетін әсері өте зор. «Ұстаз – бағбан, бала – гүл» деген қағида әр тәрбиешінің ұстаздың ұстанымы. Осы қағиданы ата – ана мен ұстаз бірігіп пайдалансақ балабақша балалары үшін ең сүйікті мекенге айналар еді. Бағбанға гүлдің әйтеуір өскенінен әдемі болып өскені қажет, ата – ана мен ұстазға да баланың әйтеуір ержеткенін әдепті болып есейгені қажеттірек. Бағбан өзінің өсірген гүлінің санымен емес, сапасымен мақтанады, ата – ана да баласының әдептілігімен мақтануы тиіс.

Білім беру жүйесін дамыту Қазақстан Республикасының басымдық бағыттарының бірі болып табылады. Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында және «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» бағдарламалық мақаласында білім беру жүйесінде басымдықтарды анықтайды және біздер - педагогтар алдына күрделі мақсат - әлемдік деңгейдегі білім орталығы болуды қойды.

Мектепке дейінгі білім беру жүйесін жаңарту, ондағы гуманизациялау және демократияландыру үрдістері мектепке дейінгі ұйымның отбасымен қарым-қатынасын белсендіру қажеттілігіне әкелді.

Отбасы – балаға «эмоционалдық тылда» психологиялық қорғау беретін бірден-бір алғашқы социум. Отбасының маңызы мектепке дейінгі жастағы балалар үшін ерекше. Әрбір бала өз ата-анасынан, әжесі мен атасынан, бауырларынан ерекше сүйіспеншілік күтеді: яғни оны үлгілі тәртібі мен қылығы үшін емес, қандай болса солай сүйгенін қалайды.

Бала үшін отбасы – бұл қоғамдық тәжірибенің көзі. Отбасында ол өзі еліктейтін үлгілер табады, мұнда ол әлеуметтік туылады. Егер біз адамгершілігі зор, дені сау ұрпақ тәрбиелегіміз келсе, онда бұл мәселені «бүкіл әлемімен» балабақша, отбасы, қоғам болып шешуіміз қажет. Мектепке дейінгі ұйымдардың басты мақсаты – отбасында баланы тәрбиелеуге кәсіптік көмек беру, оны ауыстырмай, тәрбиелік функцияларын жүзеге асыруды толықтыру және қамтамасыз ету арқылы жүргізу. Бұл:

- баланың қызығушылығы мен қажеттілігін дамыту;
 - бала тәрбиесіндегі тұрақты өзгертін жағдайларда ата-аналар арасындағы міндеттер мен жауапкершіліктерді бөлу;
 - отбасындағы әртүрлі ұрпақ арасындағы қарым-қатынастың ашықтығына қолдау көрсету;
 - отбасы өмірінің бейнесін жасау, отбасылық дәстүрлерді формалау;
 - баланың жекелігін қабылдау және түсіну, балаға бірден-бір жеке тұлға ретінде сену және сыйлау.
- Жоғарыда айтылған отбасылық қатынастарды жүзеге асыру үшін келесі тәрбиелік міндеттерді орындау бойынша жұмыстар жүргізілуі қажет:
- біріншіден, баланы және ата-ананы сыйлауға тәрбиелеу;
 - екіншіден, ата-аналармен олардың отбасылық шағын ортасын зерттеу үшін біріге әрекет жасау.
- Одан кейін отбасының ортақ мәдениетін көтеруге және ата-аналардың психологиялық – педагогикалық құзырлығына ықпал ету, оларға балалармен жұмыстың дағдыларын қалыптастыруда теориялық және практикалық көмек көрсету, отбасына жеке-дифференциалды тәсіл нәтижесінде ата-аналармен жұмыста әріптестіктің әртүрлі формалары мен біріккен шығармашылығын қолдану.

Мектепке дейінгі ұйым мен отбасы арасында сенімді қарым-қатынас құру үшін педагогтың бала отбасына үнемі зерттеу жүргізгені жөн. Бұл үшін ата-аналар жасындағы айырмашылықты, олардың білімін, ортақ мәдени деңгейлерін, сондай-ақ, ата-аналардың жеке ерекшеліктерін, олардың тәрбиеге көзқарастарын, отбасылық қатынастардың мінездемесін, т.б. білу қажет. Сонымен бірге, балабақшаның отбасына үнемі ашық, яғни олар қалаған кезінде өздерінің мәселелерін талқылауға, консультация мен көмек алатындай болғаны жөн.

Педагогтың жұмысы ата-анамен және балалармен жұмысқа үйлестірілген болуы міндетті.

Мектепке дейінгі ұйым педагогы ата-аналармен сенімді шағын орта құру үшін олармен жұмыс мазмұны мен формаларын ойластыруы міндетті. Мысалы, олардың қажеттілігі зерттеу және алынған мәліметтерді келешек жұмысты жалғастыру мақсатында экспресс-сұрақ жүргізу.

Тәрбиешілер мен ата-аналар арасында іскер әріптестік үшін жағымды қарым-қатынас орнағаны жөн. Педагог ата-аналармен жұмыста олар қызыға қатыса алатын, бала бейнесінің жағымдылығын қалыптастыратын жұмыстар өткізуі қажет.

Ата-аналарда баланың жағымды бейнесін формалау үшін отбасында айтылмайтын, ата-анасы күтпеген, олар үшін қызықты ақпаратты хабарлайды. Бұл баланың құрбыларымен тіл табысудағы ерекшелігі, оның еңбекке деген қатынасы, іс-әрекеттерінің жетістіктері болуы мүмкін.

Педагогты бала тәрбиесіндегі отбасы мәселелерімен таныстыру өте маңызды. Бұл кезеңде тәрбиешілер ата-аналармен диалог жүргізгені, отбасымен сөйлескенде тек жағымды жақтарын емес, бала қылығындағы қиыншылықтар, кедергілер туралы да айтады.

Мектепке дейінгі ұйымдарда білім беру үрдісін жоспарлауға ата-аналарды қосуды келесі бағыттармен жүзеге асыруға болады:

- білім беру жағдайларына ата-аналардың қажеттілігін, қызығушылығын зерттеу;
- әлеуметтік тапсырысты әзірлеуге ата-аналарды тарту: мектепке дейінгі ұйым миссиясын анықтау, білім беру мазмұнын таңдау (білім беру бағдарламалары, технология, балаларды тәрбиелеу мен оқыту әдістемесі); түлек моделін құру;
- жоспарды әзірлеудің барлық деңгейіне ата-аналарды тарту: мектепке дейінгі ұйымның даму бағдарламасы, жылдық және оқу жоспарлары, баланың жеке даму картасы, тәрбиешілермен біріккен жоспарлар.

Ата-аналармен жұмыс формалары:

Форма – (латын сөзі forma) – құрал, бірнәрсенің құрылымы, ұйымдастыру жүйесі.

Бүгінгі күні ата-аналар педагогикалық білімін артудың дәстүрлі емес, жаңашыл деп саналатын әртүрлі әдістері мен формалары қолданылып келеді:

- көрнекі насихаттау;
- on-line бақылау;
- отбасына қатынау;
- консультациялық пункттер;

- ата-аналар жиналысы;
- әңгімелесу мен консультациялар;
- ата-аналар конференциялары;
- ауызша журналдар;
- сауалнама жүргізу;
- ашық есіктер күні;
- дөңгелек үстелдер;
- клубтар ұйымдастыру;
- біріккен бос уақыттар;
- іскер ойындар ұйымдастыру және т.б.

Мектепке дейінгі ұйымның ата-аналармен жұмыс қабылдауы әртүрлі: жанды сөз, тәрбие жұмыстарын көрсету, ата-аналар үлгісі және т.б. Ата-аналармен жұмыстың барлық түрлері ұжымдық, жеке және көрнекі-ақпараттық болып бөлінеді.

Ата-аналармен ұжымдық жұмыс түріне өздеріңізге таныс белгілі іс-шаралар жатады.

Біріншіден, бұл - ата-аналармен жұмыстың тиімді формасы болып табылатын ата-аналар жиналысы. Ата-аналар жиналысында топтың тіршілік әрекетінің мәселелері талқыланады. Ата-аналар жиналысына дайындық кезінде келесі ережелерді ұстану қажет:

- жиналыс мақсатқа бағытталған болуы;
- ата-аналардың өтініші мен қызығушылығына жауап беру;
- нақты белгіленген тәжірибелік мінездемелік болуы;
- диалог түрінде өткізілуі;
- жиналыста бала кемшілігін және бала тәрбиесіндегі ата-аналардың қателіктерін жарияламау керек.

Ата-аналармен жұмыстың дәстүрлі емес, тиімді формаларының бірі - шағын жиналыс. Қызықты отбасы анықталып, оның тәрбиелеу тәжірибесі зерттеледі. Одан кейін шағын жиналысқа екі-үш отбасы шақырылады, онда отбасы тәрбиесіндегі позицияларымен, отбасының дәстүрлі тәрбиесі туралы бөліседі.

Ата-аналармен жұмысты келесі кезеңдерге сүйене отырып, құруға болады:

- Ата-аналармен жұмыс мазмұны мен формаларын ойластыру. Олардың қажеттілігі зерттеу мақсатында экспресс-сұрақ жүргізу және алынған мәліметтерді келешек жұмыста қолдану.
- Тәрбиешілер мен ата-аналар арасында болашақтағы іскер әріптестік үшін жағымды қарым-қатынас орнату. Ата-аналарға олар қызығатын қатыса алатын, бала бейнесінің жағымдылығын қалыптастыратын жұмыстар өткізу.
- Ата-аналарда баланың жағымды бейнесін формалау үшін отбасында айтылмайтын, ата-анасы күтпеген, олар үшін қызықты ақпаратты хабарлау. Бұл баланың құрбыларымен тіл табысудағы ерекшелігі, оның еңбекке деген қатынасы, іс-әрекеттерінің жетістіктері болуы мүмкін.
- Педагогты бала тәрбиесіндегі отбасы мәселелерімен таныстыру. Бұл кезеңде тәрбиешілер ата-аналармен диалог жүргізеді, отбасымен сөйлескенде тек жағымды жақтарын емес, бала қылығындағы қиыншылықтар, кедергілер туралы да айтады.
- Баланың жеке тұлғасын ересектерімен бірге формалау және зерттеу. Ата-аналармен біріккен мұндай зерттеулерде жұмыстың нақты мазмұны жоспарланады және әріптестік формасы таңдалады.

Ата-аналармен жұмыста педагогикалық консилиумдарды қолдану керек. Консилиум құрамына меңгеруші, негізгі қызмет бойынша меңгерушінің орынбасары, тәрбиеші, педагог-психолог, мұғалім-логопед, бас медбике, ата-аналар комитетінің мүшелері. Консилиумда отбасының тәрбиелік потенциалы, оның материалдық жағдайы және отбасындағы бала статусы талқыланады. Консилиум жұмысының қорытындысы бала тәрбиесінде ата-аналарға көмек мөлшерін анықтау, ата-аналар әрекетінің жеке коррекциясына қарай бағдарламалар әзірлеу болуы мүмкін. Бүгінгі күні зерттеу – жобалық, рөлдік, имитациялық және іскер ойындар сияқты ата-аналармен жұмыс формаларына көп мән беріледі. Бұл ойындар үрдісінде белгілі бір білімді меңгеріп қана қоймайды, әрекеттің, қатынастың жаңа мәселелерін құрастырады. Талқылау үрдісінде ойынға қатысушылар мамандардың көмегімен жағдайларды бар жағынан сараптауға және тиімді шешім қабылдауға тырысады.

Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыратын формалардың бірі – ата-аналар конференциясы. Бұл форманың бағыттылығы мұнда ата-аналармен бірге қоғамдастыққа қатысады. Конференцияға педагогтар, аудандық білім бөлімінің қызметкерлері, медициналық қызмет өкілдері, бастауыш сынып мұғалімдері, педагог-психолог және т.б. қатыса алады.

Ата-аналармен жұмыстың бір формасы - тренингтер. Тренингтік ойын жаттығулары мен тапсырмалары баламен іс-әрекеттің әртүрлі тәсілдеріне баға беруге, жағымсыз формаларды конструкциялыққа ауыстыруға көмектеседі. Ойын тренингіне тартылған ата-ана баламен сөйлесуді бастайды, жаңа шындыққа жетеді.

Заманауи кезеңдегі тағы бір қызықты формалардың бірі – әртүрлі конкурстарды – сұрақтар мен жауаптар кештерін өткізу болып табылады. Бұл форма өзінің педагогикалық білімін нақтылауға, оларды практикада қолдануға, жаңалықты білуге, бір-бірімен білімін толықтыруға, бала дамуындағы кейбір мәселелерді талқылауға мүмкіндік береді.

Ата-аналармен жұмыста олардың қажеттілігі бойынша жұмыстанатын әртүрлі кафедралары бар «Ата-аналар университеті» сияқты форманы да қолдануға болады:

- «Жас аналар кафедрасы» (Ана болу – менің жаңа мамандығым).
 - «Тәлімгерлер кафедрасы» (Әке мен ана – алғашқы және басты ұстаздар).
 - «Отбасылық дәстүрлер кафедрасы» (Аналар мен әкелер – отбасылық дәстүрлер қорғаушысы).
- «Ата-аналар университетінің» жұмысы тиімді болуы үшін мектепке дейінгі ұйым ата-аналармен қызметін әртүрлі деңгейде ұйымдастыруға болады: жалпы балабақшалық, топаралық, жеке-отбасылық.

Ата-аналармен жұмыстың маңызды сәті – үй педкеңестері, лекциялар, ауызша журналдар, ашық есік күндері, әкелер, әжелер, аталар клубы, практикумдар және т.б. болуы қажет.

Отбасы мен балабақша өзара іс-әрекеттің басты формаларының бірі әрбір ата-анамен жеке жұмыс болып табылады. Бұл форманың артықшылығы, отбасын зерттеу, ата-аналармен сұхбат (әрқайсысымен жеке-жеке), ата-аналардың балалармен топта, үйдегі әңгімелесуін бақылау арқылы педагогтардың баламен біріккен іс-әрекеттің нақты жолдарын белгілеуінде.

Тәрбиешінің ата-аналармен сұхбаты – педагогтың отбасымен байланысының қолжетімді формасы. Сұхбат келесі талаптарды қамтуы қажет:

- нақты және мазмұнды болуы;
- баланы тәрбиелеу мен оқыту сұрақтары бойынша ата-аналарға жаңа білім беру;
- педагогикалық мәселелерге қызығушылығын ояту;
- бала тәрбиесіне жауапкершілік сезімін арттыру.

Жеке жұмыста тоқтай кетер бөлімнің бірі – отбасына қатынау. Басты мақсат – баламен және оның жақындарымен өзі қалыптасқан ортада танысу. Баламен ойында, оның жақындарымен сұхбатта сәби туралы көптеген қажетті ақпарат алуға болады. Қатынау ата-анаға да көп пайда әкеледі: олар тәрбиешінің баламен қалай әңгімелесетінін біледі, педагогқа баламен үйде еркін сөйлесуіне мүмкіндік береді. Педагог үйге сапарды ұйымдастыра отырып, отбасына барғанда өзін сыпайы, әдепті ұстауы керек, отбасымен сұхбатты бала кемшілігінен бастамау және ата-аналарға бала тәрбиесі туралы көп сұрақтар қойылмау қажет. Өзіңізге отбасына сапарлар ұйымдастыру бойынша жаднама әзірленіз және оны орындауға тырысыңыз.

Ата-аналармен дифференциалдық жұмыстың бір формасы консультациялар болып табылады. Консультациялар сұхбатқа ұқсайды. Айырмашылығы, әңгімелесу – бұл тәрбиеші мен ата-ана диалогы, ал консультация жүргізе және ата-ана сұрағына жауап бере отырып, педагог кәсіптік көмек беруге тырысады.

Ата-анамен жұмыста жеке блокноттарды да қолдануға болады. Мұнда тәрбиеші қызметтің әр түрінен баланың табыстарын жазып отырады, ата-аналар блокнотқа бала тәрбиесіндегі қызықтырған сәттерін белгілейді.

Педагогтың ата-анамен жұмыста көрнекілік насихаты да маңызды рөл атқарады. Мақсатқа бағытталған және жүйелі қолданылған көрнекі құралдар балабақшадағы тәрбиелеу әдістерімен, мазмұнымен, міндеттерімен ата-аналарды таныстыруға және отбасына практикалық көмек беруге ықпал етеді. Педагогикалық практикада көрнекіліктің әртүрлі түрлері қолданылады: натуралық, бейнелеушілік, сөздік-бейнелік, ақпараттық.

Ақпараттық насихаттаудың мысалы – ата-аналар бұрышы. Ата-аналар бұрышының материалдарын мазмұны бойынша екі бөлімге бөледі:

- Ақпараттық сипаттағы материалдар (ата-аналарға арналған ереже, күн тәртібі, әртүрлі сипаттағы хабарландырулар)
- Балабақша мен отбасында бала тәрбиесі сұрақтарын жариялайтын материалдар.

Онда баланы дамыту мен тәрбиелеу бойынша ағымдағы жұмыс көрінеді. Ата-аналар балаларының бөлмесін немесе бұрышын қалай жабдықтауды көрнекі түрде көре алады, сұрақтарына жауап алып, жақын арада қандай консультациялар болатындығы туралы біле алады.

Ата-аналармен жұмыстың тиімді формасы әртүрлі көрмелер болып табылады. Мысалы, балалар

жұмыстарының формасы: бала суреттері, қолдан жасалған ойыншықтар, балалар кітаптары, альбомдары және т.б. Көрмелер сонымен бірге ата-аналарға бағдарламаның маңызды тарауын жариялау үшін мысалы: «Отбасы мен балабақшада балалардың бейнелеу іс-әрекеті», «Ойыншықтар және оның тәрбиелік ролі» тақырыбында өткізілуі мүмкін. Ақпараттық парактардың да ролі зор, себебі мұнда өткізілген жиналыстар туралы, оқиғалар, экскурсиялар, көмек көрсету өтініштері, ерікті көмекшілерге алғыс туралы ақпараттарды енгізуге болады.

Балабақшада бейне бақылаулар жүйесін орнату ақпараттық технологиялардың жана формасы. Балабақшада On-line бақылаудың қажеттілігі – қазіргі уақыттың шындығы. Баспа жолдарында балалармен өрескел қарым-қатынастар, қолметкерлердің жағымсыз қылықтары жиі жарық көреді және олардың қылмыс әрекеттері сот залына дейін жетіп жүргені шындық...

Мұндай жағдайда ата-аналар балаларын тәулік күнге педагогтарға қалдыруға сенімсіздік танытады. Қазақстанда балабақшаларға бейне бақылау камераларын орнатудың инициаторлары білім беру басқармалары болып табылады. Балабақшада бейне бақылау камераларын орнатудың көмегімен үш негізгі мәселе шешіледі:

- Бала қауіпсіздігін қамтамасыз ету – балабақшаның ішкі және сыртқы территорияларын бақылауға болады.
- Педагогтармен даулы жағдайларды шешу. Камерала сақталған жазбалар даулы сәттерде ата-анаға бала немесе педагог жағына шығуға мүмкіндік береді.
- Білім беру шарттарын ұсынудың сапасын бақылау. Бұл балабақшалардың көпшілігі ақылы негізде болғандықтан бүгінгі күні өзекті. Ата-аналар не үшін ақы төлейтіндігін білуге тиіс! Ақпараттық паракка ата-аналарға арналған жаднамалар, ата-аналардың өздері көрнекілейтін қабырға газеті де жатады. Газетте ата-аналар отбасы, бала өмірінен қызықты оқиғаларды белгілейді, бала тәрбиесі туралы тәжірибелерімен бөліседі. Мысалы, «Отбасының демалыс күні», «Менің анам», «Менің әкем», «Мен үйдемін» және т.б.

Ақпараттық жылжымалы - мұқаба тақырыптық кағида бойынша формаланған: «Біздің балалар ауырмасын», «Бала тәрбиесіндегі әкенің ролі» және т.б. Мұқаба ата-анаға уақытша қолдануға беріледі. Ата-аналар жылжымалы-мұқаба мазмұнымен танысады, олармен әңгіме жүргізу, сұрақтарына жауап беру, ұсыныстарын тыңдауы қажет.

Бала тұлғасының дамуы мен тәрбиесінде ата-аналармен жұмыстың тиімділігін қалай анықтауға болады?

Мектепке дейінгі ұйымның ата-аналармен өткізетін жұмысының тиімділігі төмендегілер куәлік етеді:

- біріншіден, мектепке дейінгі ұйымда, нақты топта балалармен білім беру үрдісінің мазмұнына ата-аналардың қызығушылығы;
 - екіншіден, ата-аналардың өздерінің басқамасымен туындаған пікірталастар;
 - үшіншіден, ата-аналардың сұрақтарына өздерінің жауаптары;
 - төртіншіден, ата-аналардың тәжірибелерінен мысалдар келтіру; педагогқа баланың ішкі әлеміне қатысты сұрақтар санын көбейту;
 - бесіншіден, ересектердің тәрбиешімен жеке қарым-қатынасқа ұмтылуы, тәрбиенің сол және өзге әдістерін қолданудың дұрыстығы туралы ата-аналардың ойлануы;
 - алтыншыдан, педагогикалық жағдайларды сараптау кезінде олардың белсенділігін көтеру, пікірталас сұрақтарын талқылау және шешімдерді шешу.
- Мектеп алды даярлық тобының ата – аналарымен өткізілген «Ата-ана баланың алғашқы ұстазы» атты іскерлік ойын.

Мақсаты:

Ата-анамен балалардың арасындағы қарым – қатынасты бірлескен іс-әрекет арқылы нығайту.

Үй тапсырмасы: А4 форматындағы фото сурет коллажы «Менің отбасымдағы орным»

Жұмыс барысы

Шаттық шеңбер:

«Амандасу ойыны»

4 түрлі-түсті дөңгелек, бірінші дөңгелек – көк түсті қолмен амандасу, екінші-жасыл, шынтақпен амандасу, 3-қызыл дөңгелек – иықпен, 4-сары дөңгелек, құшақтасып амандасу. Кіріспе әңгіме: Құрметті ата-аналар бүгінгі кешіміздің атауы «Ата-ана баланың алғашқы ұстазы» себебі баланың алғашқы тәрбие алатын орны – отбасы. Отбасында баланың мінез-құлқы, әдет дағдысы қалыптасады.

“Қашан бала ғылым-білімді махаббатпен көксерлік болса, сонда ғана оның аты Адам болады.” (А.

Құнанбаев)

Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады. Біреуі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Біреуі білсем екен демекілік. Не көрсем соған талпынып, “ол немене?”, “бұл немене?” деп, “ол неге үйтеді?”, “бұл неге бүйтеді?” деп, көзі көрсен, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі – білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен дегені. (А.Құнанбаевтың жетінші қара сөзі) Тәрбие – күрделі үдеріс. «Тәрбие отбасынан басталады» деп халық даналығы бекер айтпаған. Саналы да, білімді болашағын қалыптастыру әрбір ата-ананың мерейлі міндеті, парасатты парызы. Еліміздің болашағының тізгінін ұстар тұлғаның бойына білімнің нәрін, тәрбиенің иісін сіңіруміз қажет. Ата-бабамыздан қалған ұлттық тәрбиемізге дақ түсірмеу үшін барлық қажетті жауапкершілікті ата-ана өзіне алғаны жөн, себебі бала ата-ананың өмірінің жалғасы. «Балам дейтін жұрт болмаса, жұртым дейтін балам қайдан болсын» деп өткен ғасырдың ұлы тұлғасы А.Байтұрсынұлы айтқандай, баланың болашағына толғанар ел, ойланар отбасы қалыптасса елдің болашағы зор болмақ.

Ата-аналардың оқу мен тәрбие үдерісіндегі ынтымақтастық пен бірлескен жұмысы жан-жақты болса жемісті болады.

Ұрпақ тәрбиесі ұлағатты болу үшін, отбасындағы ата-ана берген тәрбие балабақшада жалғасын тауып, кішкентай бүлдіршін сапалы азамат болып қалыптасу үшін балабақша, тәрбиеші жауапты зор міндетті атқарады. Ең бастысы – бала ата-ананың оның оқудағы жетістіктеріне қызығушылығын сезінуі керек.

Кез келген бала үлгілі немесе үлгермейтін болсын, шапшаң немесе сылбыр болсын, ол өзін жақсы көру мен сыйлауды қалайды.

2. Екінші сұрақ бойынша әдіскер И.А. Дәсәнадилова тәмсіл әңгіме оқып, сұрақ-жауап арқылы талдады:

Бір күні бір шығыс елінің билеушісі түс көреді, түсінде оның барлық тістері түсіп қалған екен. Қатты уайымдаған хан береу түс жоружыларды шақыртады. Түс жоружы келіп, ханның түсін мұқият тыңдап болып, басып шайқап, былай дейді: «Хан ием! Өкінішке қарай, сізге бір кайғылы хабар жеткізуім керек. Сіз тугандарыңызды бірінен соң бірін жоғалтатын боласыз...», -депті. Мұны естіген билеуші ашуға булығып, түс жоружыны зынданға тастауды бұйырады да, басқа түс жоружыны шақыртады. Екінші түс жоружы да ханның сөзін тыңдап болып былай деп айтады: «О, Хан ием, сізге қуанышты бір хабар айтқалы тұрмын, сіз барлық өз туысқандарыңыздан асып өмір сүретін боласыз», -депті. Билеуші қуанышты хабарды естіп, мәз-мейрам болып, түс жоружыға бағалы сыйлықтар береді. Сол кезде уәзірлері қатты таңқалып, екінші түс жоружыдан: «Сен бірінші түс жоружының естірткенін айтқан жоқ па едің, бірақ неге хан оны зынданға тастап, сені босатып жіберді?» деп сұрады. Екінші түс жоружы: «Негізінде, біз екеуіміз түсті бірдей жорыдық. Бірақ, барлығы сенің не туралы айтқаныңа емес, оны қалай жеткізе білгендігіңде болып тұр ғой», - деген екен.

Сұрақ: Бұл әңгіменің бүгінгі семинарға қандай қатысы бар? Екі түс жоружының сөздерін талдап беріңіздер? Өзіңіз ата-анамен сөйлескен кезде қай түс жоружы ретінде сөйлессіз?

Осы тәмсіл әңгімеге байланысты сұрақ-жауап арқылы әңгіменің мазмұнын талдады. Тапсырмалар берілді.

- Берілген тапсырманы тәрбиешілер сауатты, дұрыс, түсінікті етіп жеткізу керек, қалған командалар ата-ана болып, қарсылық білдіреді.
- Ертеңнен бастап есік 8-ден жабылады, кешікпеу керек;
- Төлемакыны ертеңге дейін толду керек, әйтпесе кіргізбейді;
- Баласы ауырып тұр, сондықтан кіргізбейді;
- Себепсіз қалып қойды, сондықтан кіргізбейді;
- «Үздік жанұя» конкурсына ата-аналарды қатыстыру керек;

- Ертең ата-аналар жиналысы, бәрі қатысу керек, сылтау айтпай;
- Ертең сенбілік, бәрі қатысу керек;
- Топқа безендіру жұмыстарын дайындау керек;
- Көрмеге ешкім зат алып келмектен, соған қатыстыру керек;
- Ертеңгілікке ата-аналарды кейінкер ретінде қатыстыру керек;
- Спорттық сайысқа ата-аналарды қатыстыру керек;
- Қайырымдылық акциясы жүріп жатыр, соған көмек беру керек.

3. Үшінші сұрақ бойынша әдіскер И.А. Джанадилова «Ата-анамен жанжалды қалай болдырмауға болады. Ұсыным мен жадынама» тақырыбында баяндама оқып, берілген жағдаяттарды талдайды.

Көптеген ата-ананың балабақша әкімшісіне жүгінетін мәселесінің бірі – баланың топ тәрбиешісіне барғысы келмеуі немесе ата-ананың тәрбиеші жұмысына наразылығы. Тәрбиешілермен жұмыс істеу үшін кейде жағдайды сақтаңыз, бұнда жанжалды қалай шешуге болатыны туралы дайын шешім мен ұсыныс бар.

Бала балабақшаға және жаңа жас тобына бара бастағанда, ата-аналар көбінесе баланың бір тәрбиешімен тіл табысып, екіншісіне барғысы келмейтінін байқайды. Егер тәрбиеші балаға немесе оның ата-анасына ұнамаса, қиындық сөзсіз туындайды. Бұл жағдайда балалар топқа баруға қарсылық білдіреді, ал ата-аналар мұғалімнен қате табуға, кәсіби біліктілігі төмен деп айыптауға, жанжал шығаруға себеп іздейді.

Егер ол уақытында шешілмесе, жанжалдың қандай жағымсыз салдары болуы мүмкін

- Бала демотивацияланады, балабақшада оның жағымсыз эмоцияны сезінеді, сонымен қатар тікелей (жанжал, жолдау, өтініштер) және жанама түрде (науақстану, марақаталу, белімделіп алу) топқа барудан бас тартады.
- Ата-ана өсіп келе жатқан стрессті сезінеді, тәрбиешіге және көбінесе балаға ашуланады және меңгерушінің көмексіздігі, көрдің көмегімен жағдайға әсер ету жолдарын іздейді.
- Тәрбиеші күйгелектенеді, балаға және оның ата-анасына сақтықпен немесе теріс қарай бастайды, кәсіби ынтасы жоғалады.

«Менің балам сізге барғысы келмейді» – ата-аналармен қақтығыстың басталуы, көптеген тәрбиешілерге таныс. Егер бұл сөздер айтылса, сіз дереу шаралар қабылдауыңыз керек. Бұл келіспеушілік себебінен назар қатысушылардың жеке басына ауысқан кезде бала, тәрбиеші және ата-ана арасындағы эмоционалды жанжалдың басталғанының белгісі. Бұл жанжалдың себебі жеке басын жақтырмау. Мұндай жанжал көбінесе топтан тыс болады: ата-аналар әдіскерді, меңгерушіні, басқа ата-аналарды және кейде интернеттегі кең аудиторияны тартады. Бұдан жанжалдың барлық қатысушысы зардап шегеді, мәселе шешілмейді. Теріс салдардың алдын алу үшін барлық мүмкін себептерді ескеріңіз.

1-ЖАҒДАЙ: СЕБЕП БАЛАДА БОЛҒАН КЕЗДЕ

Бұл нені көрсетеді: баланың эмоционалды жағдайының ерекшеліктерін басқа тәрбиешілер, психолог, кездейсоқ бақылаушылар байқайды. Мысалы, ол жиі жылайды, ашуланшақ, қорқады, баланың өмірінде күрт өзгеріс болғаны белгілі: туысының қайтыс болуы, ағасы немесе әпкесінің, өгей әкесінің пайда болуы, ата-анасының ажырасуы, қоныс аударуы, балабақшаның, топтың өзгеруі, отбасы мүшесінің немесе баланың кенеттен науқастануы. Бала нормативтік талапқа және балабақшадағы режимге әрең бейімделеді.

Баланың тәрбиешіге деген теріс қаржарасының бес себебі

1. Ата-аналармен бірге болу қажеттілігі. Қез-келген бала топтағы жаңа жағдайға және анасының болмауына ғана емес, сонымен бірге онымен қарым-қатынастың талаптары, сарыны, қарқынды үйден ерекшеленетіндігіне бейімделуі керек. Әрбір айырмашылық (анасы шешеді, бірақ тәрбиеші жоқ) айналысуды тудыруы мүмкін және педагогпен байланысқа түспеуі мүмкін.

2. Эмоционалды қиындықтар. Бұл ересектерден болған зорлық-зомбылыққа байланысты қорқыныш, алаңдаушылықтың жоғарылауы, невротизм, баланың травматикалық тәжірибесі. Бұл жағдайда бала ересек адамды ең аз талаптар мен тыйымдарға жауап ретінде қауіпті немесе жаман деп санайды.

3. Ерікті қиындық. Бұл еркелік, еркімен жіберіп, беттінен қақпай тәрбиелеу, бәріне рұқсат етілген, баланың барлық әрекеті үйде елжіреу тудырады. Мұғалім оған жеңіл талап қойса да, мұндай балаға қиын болады.

4. Ореол эффектсі: жалпы әсердің жеке ерекшеліктерді қабылдауға әсері. Егер тәрбиеші балаға бірден бейтаныс, қорқынышты болып көрінсе (мысалы, ол қатты қатал дауыспен сөйлесе), онда бала тек кемшіліктерді байқайды. Ореол эффектсі басқа ересектердің әрекетінен болуы болады: мысалы, осы тәрбиешімен балаларды қорқытқан немесе баланың көзінше ата-анасы теріс пікір айтысты.

5. Қарым-қатынас дағдыларын дамытудың жеткіліксіз деңгейі. Егер бала өзінің құрдастарымен және ересектермен қарым-қатынас жасауды әлі білмесе, агрессияны көрсетсе, оның топта болуы ол үшін наразылықтың тұрақты көзіне айналады. Оның жанжалдарын шешуге аз көңіл бөлетін және аз қорғайтын тәрбиешілердің бірі ұнатпауы мүмкін.

 **Жағдайды шешуді тәрбиешілеріңізге ұсыныңыз.**

Жағдай. Бес жасар Айбардың ата-анасы үлкен жанжалмен ажырасып, баланы бір-бірінен жасыруға тырысты, үйде ұзақ уақыт бойы өте шиеленісті жағдай болды. Айбарда қорқыншы, мұңезді пайда болды, ол жылап, үнемі мазасызданды. Ол тәрбиешілеріне, ұстаздарына, бірақ ол берген тапсырмаларды дұрыс және бәрін біле орындауды талап ететін тәрбиешілерден қорқа бастады. Бала күн сайын тәуіртен жылайтын болды, тәрбиешіні мейірімсіз, оны үнемі мәжбүрлейтіннің, әр істі тез аяқтауды талап ететінін айтты. Анасы мұғалімге ашуланып, наразы қалыпта келді, ол баласына онсыз да қиын екенін айтып ренжіді, әр уақытта тәрбиешіге көмектескенін айтты. Оның баласы жан-жақты, тілалғыш екенін, оған эмоциясын игеруге уақыт беруді, қысым жасамау керек екенін айтты.

Шешім. Ана мен баланы эмоционалды түрде қолдау, тыңдау және оларға деген жылы қарым-қатынас туралы айту, мадақтау қажет. Мысалы: «Сіз белсенді анасыз және балаларды шынымен жақсы көресіз және құрметтейсіз», «Мен «Арқаш» сіздің көмегіңізге сене аламын». Содан кейін бала шағымданатын жағдайлар туралы айту керек. Мысалы: «Біз серуенге шыққанда, мен балаларға 5 минут бұрын ескертемін. Содан кейін барлығын ойынды тоқтатып, киіну ережелерін сақтауды өтінемін. Егер Айбар тыңдамаса, мен оны тағы қайталаймын және бәріміз оны күте алмаймыз деп айтамын». Осыдан кейін сіз анадан осындай жағдайларда не істейсіз келетінін сұрауыңыз керек. Дауысыңыз салмақты болуы керек. Содан кейін сіз ананың тілектерін жүзеге асыра алатын нұсқаларды табуыңыз керек: «Мен оған көп уақыт бере алмаймын, өйткені топта 25 бала бар. Бірақ мен оны басқаларға қарағанда сәл ертерек ескерте, жиналуына көмектесе аламын». Әңгімелесуден кейін дереу келісілген нәрсені бастау маңызды. Күн сайын сіз баланы мадақтауға, оған сүйіспеншілікпен көтермелеуге мүмкіндік табуыңыз керек. Болашақта анасына оң кері байланыс беру керек: «Айбар мені тыңдайды және тапсырмаларды орындайды».



Тәрбиешіге арналған ұсыныстар

ЕГЕР БАЛА СІЗГЕ ЖАҒЫМСЫЗ КӨЗҚАРАСТА БОЛСА, СОНДЫҚТАН БАЛАБАҚШАҒА БАРҒЫСЫ КЕЛМЕСЕ НЕ ІСТЕУ КЕРЕК

Ал қандіру және түсіндіру. Балаға эмоциялы түрде «қалай» сөйлеген күндерде, мейірімділікпен сөйлеңіз. «рэхмет», «маған сенім, құрмет» деп жиі айтыңыз. Рационалды түсіндіру, «жігіттей бала сеніктісің» деп көмектескенді.

Ешбір жағдайда балаға агрессия көрсетпеңіз. Егер сіз ашулансаңыз, бала тұрғын жәс, өзіңіз туралы айтыңыз: «Бірде сөзінде бәлкімізден шығаады», «Мен бірқұр ұрған кезде ашуланатын», «Бірнеше рет қайталау өте қиын».

Балаңызға оның сөзімдері сіз үшін маңызды екенін түсіндіріңіз. Егер бала уайымдаса, ол бір нәрсені жасай алмаса, оның эмоциясын болжағыз тырысыңыз: «Сен қапалысың ба?», «Сен реніштің бе?», «Анаңды күтіп тұрғың ба?». Балтапта ол жауап берсеу немесе «Жоқ» деп мүмкін. Жұбатпа асықпаңыз, жанаширлық танытпаңыз. «Мен түсінетімін», «Бұл оңай емес».

Балалармен көбірек ойнаңыз. Ойнауды жүйелі және сапалы уақытты еңбейтіңіз. Оған барарсында балалар дегенде, жағымсыз эмоциядан арылады, ал күресіп, ұйықтап тырыса беріп ойнай қатысуды балалардан сүйісінеңіз айналады.

Ата-аналарды қайта тәрбиеленуіңіз және оларға көңес беруге асықпаңыз. Олар сөздің пікіріңізді сұрағанда күтіңіз. Әсіресе, олар өздерісізді білмеуге келгенде.

Ата-ана алдында өзіңізді ақтамаңыз және қарсы шағым жасамаңыз. Баланың және ата-ананың сізге қатын талабын тыңдап, нақтылаңыз. Олар сөздің қалай әрекет еткенді келетінін сұраңыз. Олардың қылауын орындай алмайсыз, соған жауап беріңіз немесе балаға мұқиянды ұсыныңыз. Мәселеге көңіліңіз.

Кәсіби позицияда болыңыз. Өзіңізді құрметтеңіз. Сіз үшін бірін істеймін, ал олар: «Мен емес, ол жинайды» немесе өлгендік адам. «Мен сендерге көрсетемін», «Мен оған аз ұрсыппаған» позициясына көтуге жол бермеңіз. Бұл эмоционалды проблеманы баланың өзін деуісіз сезінуі үшін жағдай жасаңыз.

Сыртқы бейнеңізге уақыт пен көңіл бөліңіз. Талапты көрінуге тартысаңыз, ата-аналар мен балаларға құрмет көрсетіңіз. Айнаға қарып, күлімдеп күлуге тырысыңыз. Бұл бет әлпетін есте сақтаңыз. Белсенді тыңдау әдістерін қолданыңыз. Бас иілеңіз, қапыңызды айқыстырып тұрыңыз.

2-ШІ ЖАҒДАЙ: СЕБЕН АТА-АНАДА БОЛҒАН КЕЗДЕ

Бұл нені көрсетеді: Ата-аналар үнемі тәрбиешіге оның қателігін айтады, ол туралы басқа ата-аналардан барлық жағымсыз ақпаратты жинайды, балабақшада өздеріне жаман болғанын айтады. Тәрбиешімен сөйлескен кезде олар дауыс көтеріп, «Мен өзім сізден қорқамын» деп айқайлайды. Тәрбиешіні ауыстыруға бола ма деп қызығушылық танытады. Мүғалім баланың бойынан қандай да бір нәрсені мінезді көрмейтіні үшін (жағымды не оны ерекше жағдайда қажет етуші), баланы жаман санайды деп айыптайды.

Ата-ананың тәрбиешіні кінәлауының бес себебі

Ата-аналар балаға тәрбиешінің оған ұнамайтынын естиді. Бала шағымданады немесе жағымсыз жаққа өзгереді: қорқақ, кінәмшілге айналды. Ата-аналар бірден назар аудармаса да, балабақшадағы алғашқы проблема кезінде олар бұл мәселені тәрбиешіге қарсы қолданады.

1. Тәрбиешіні ұнатпау. Маңызды жағдайға (мұғалім жанжал шығарады, балаларға айқайлайды) және субъективті қабылдауға байланысты туындауы мүмкін; сыртқы келбеті ұнамайды, тым жас/кәрі, жаман пікірлер естіген, білімі/ұлтты сәйкес келмейді. Тіпті тісіндегі ерін далабы мен қымбат телефон ата-аналардың балаға әдейі немесе бейсаналық түрде тарататын ұнамсыздығын тудыруы мүмкін.

2. Баламен қалай қарым-қатынас жасау керектігі туралы ата-ана көзқарасына тәрбиеші іс-әрекетінің сәйкес келмеуі. Көптеген отбасында сенім жүйесі бар, ал көбінесе баламен қалай қарым-қатынас жасау керектігі туралы білім жоқ. Егер оларда атипті тәрбиелеу әдісі болса және мұғалім айқын кәсіби нормаларды бұзса, мысалы, балаларға дөрекілік танытса, қиындық осы кезде туындайды.

3. Өз бағасына нұқсан келтіру. Тәрбиеші баланың дарынды, көшбасшылық қасиетін танымады, ата-ананың тәрбиелік құзыреттілігін өз еркімен немесе еріксіз төмендетіп жіберді (басқалармен салыстырды, кеңес берді). Бұл әрекеттер ата-ананың өзін-өзі бағалауына нұқсан келтіреді.

4. Бала кездегі жеке уайымын тәрбиеші мен балаға аудару. Балабақшада психологиялық тұрғыдан жарақат алған ата-ана бала тобында болып жатқан нәрсені әлі де ауыр болатын кішкентай жәбірленушінің позициясынан бейсаналық түрде бағалайды. Оны тәрбиешінің іс-әрекеті тудыруы мүмкін (бала кезіндегі мұғалім сияқты разы емес) және ұсақ-түйек: оның да аты-жөні Наталья Петровна.

4. Төртінші сұрақ бойынша әріскер И.А. Джанадилова «Ата-анамен жұмыс істеуге арналған жасадынама» тақырыбында жасадынама оқып, ата-анамен болатын конфликтінің себептерін түсіндіреді.

1-ші себеп. Ата-аналар жас, тәжірибелері жоқ, ұстамсыз болып келеді. Өз ойларын дұрыс деп есептейді, өз баласының жас ерекшелігі туралы көп біле де бермейді. Тыңдағысы келмейді. Мәселені шешуден қашады, бәрі дұрыс, бәрі жақсы деген кейіп танытады.

2-ші себеп. Ата-ана бойындағы жеке қасиеттер, бірлесіп жұмыс істеуіне кедергі келтіретін қағидалар мен түсініктер (қырысқылық, дөрекілік, айқай-шуға, ұрыс-керіске бейім болу). Даудың ұрыс-керістің мәнін түсінуге тырыспау, туындаған мәселелерді шешуге талпынбау.

3-ші себеп. Тәрбиешілерге ата-аналар беретін ақпарат қана белгілі болады, көп жағдайда, негізгі және маңызды ақпаратты ата-аналар жасырып отырады. Ата-аналар баласының балабақшадағы өмірі мен тыныс-тіршілігіне қызықпайды, сұрамайды, немқұрайлы қарайды.

4-ші себеп. Педагогтің өктем даусы мен баланың балабақшадағы тәртібіне күнде ескерту айту. Мұндай жағдайда, әр ата-ана өзін баласын бәрінен де артық білетінін басшылыққа алып, айтылған кеңестер мен берілген кеңестерге құлақ аспайды.

5-ші себеп. Ата-анамен сөйлесуден қашу екі жақтан да күмән тудырады. (Себептері: ұялу, уақыттың жоқтығы, бала туралы жағымсыз хабар айтудан қорқу).

6-шы себеп. Балабақшаның жұмысы мен тыныс-тіршілігіне қатысты баяндамалар мен есеп берулер көбіне, ата-аналарға түсініксіз болып келеді.

Шешімі:

1. Топтық ата-аналар жиналысын түрлендіріп өткізу.

Торайымы:

Хатшы:



Б. С.Кияшева

Л.Н.Нуралина